

## **Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 58/02 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қыркүйекте № 29581 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерлері 90 күнтізбелік күнге бекітілсін:

ақ қанданды қырыққабат, бір килограмм – 190 теңге;

ас тұзы ("Экстра"-дан басқа), бір килограмм – 66 теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*

*Ж. Қасымбек*